

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СОТ-САРАПШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ / УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СУДЕБНО-ЭКСПЕРТНАЯ И ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

УДК 343.1  
МРНТИ 10.79.41



**ҚАЛМУХАМЕТОВА БОТАГӨЗ  
НҰРМУХАМЕТҚЫЗЫ<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясы,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҰСТАП БЕРУГЕ (ЭКСТРАДИЦИЯЛАУҒА) ЖАТҚЫЗЫЛАТЫН ТҰЛҒАНЫ ҰСТАУДЫ РЕГЛАМЕНТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ

**Түйіндеме.** Осы мақалада автор ҚР ҚПК-нің «Қазақстан Республикасынан тыс жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алу ерекшеліктері» деп аталатын 587-бабының ережелерін мұқият зерделеу негізінде бірқатар кемшіліктерді анықтады. Осы саладағы зерттеуді ескере отырып, мақалада ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар мазмұндалған.

**Түйін сөздер:** экстрадициялау, қылмыскер, қылмыстық қудалау, іздеу, ұстау, қамау.

**Аннотация.** В данной статье автор на основании детального исследования положений статьи 587 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан «Особенности задержания лица, совершившего уголовное правонарушение за пределами Республики Казахстан» обозначил ряд недостатков. С учетом исследования в этой области в статье изложены предложения по совершенствованию национального законодательства.

**Ключевые слова:** экстрадиция, преступник, уголовное преследование, розыск, задержание, арест.

**Abstract.** In this article, the author, on the basis of a thorough study of the provisions of Article 587 of the Code of Criminal Procedure of the Republic of

Kazakhstan, referred to as "Peculiarities of Detaining a Person Who Committed a Criminal Offense Outside the Republic of Kazakhstan," revealed a number of shortcomings. Based on the conducted research to eliminate inaccuracies in article 587 of the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan, it proposes to make some changes and additions to it.

**Key words:** extradition, criminal, criminal prosecution, search, detention, arrest

Қазіргі заман кезеңінде, әлемнің бүкіл алдыңғы тарихымен салыстырғанда қылмыстылық күрделенді. Бұл оның трансұлттық сипатының күшеюіне байланысты. Әр түрлі елдердің ұйымдасқан қылмыстылығы тығыз бірлесуде; бір елде қылмыс жасаған қылмыскерлер, басқа елде жасырынып, көбінесе орналасқан жерлерін ауыстырып, басқа мемлекеттердің қылмыстық ұйымдар тарапынан қолдау мен көмек алуда. Сондықтан, қылмысқа қарсы күресте мемлекеттердің өзара әрекеттесу туралы мәселесі өзекті болып табылады. Бұл, өз кезегінде өзара құқықтық көмек көрсетуді және атап айтқанда ұстап беруге (экстрадициялауға) байланысты ұлттық заңнаманы жетілдіруді талап етеді.

Шет мемлекеттің тұлғаны ұстап беру туралы сұрау салуы орындалу үшін, бұл тұлға ұсталуы тиіс.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алу ерекшеліктері 587-бапта бекітілген, ол Қазақстан Республикасынан тыс жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алу ерекшеліктерін регламенттейді. Алайда, осы баптың мазмұнымен танысу кезінде мұқият қарастыруды талап ететін бірқатар мәселелер туындайды. Мәселен, ҚР ҚПК-ның 587-бабына сәйкес:

1. Шет мемлекет қылмыс жасағаны үшін іздестіріп жатқан адамды Қазақстан Республикасының аумағында ұстап алуды қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы осы Кодекстің 131-бабында көзделген тәртіппен жүргізеді.

2. Ұстап алынған адамның жеке басы, оның азаматтық тиесілігі жетпіс екі сағат ішінде анықталуға, іздестірудің бастамашысынан жасалған іс-әрекеттің мән-жайлары, оған сәйкес осы іс-әрекет қылмыс деп танылатын баптың мәтіні, құзыретті органның оны күзетке алу және оған іздестіру жариялау туралы шешімі, сондай-ақ адамды күзетке алу қажеттігі туралы растауы талап етіп алдырылуға тиіс.

3. Шет мемлекеттің құзыретті органының ұстап беру (экстрадициялау) туралы талап мәлімделгенге дейін адамды күзетке алу туралы өтінішхаты поштамен, телеграфпен, телексмен, факспен және өзге де байланыс түрлерімен жіберілуі мүмкін.

4. Ұстап алынған адам, егер:

1) ұстап алынған кезден бастап жетпіс екі сағат ішінде оны уақытша күзетпен ұстау туралы немесе оған қатысты экстрадициялық қамақты қолдану туралы өтінішхаттарды қарау үшін тергеу судьясына жеткізілмесе;

2) ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмейтін мән-жайлар анықталса, ол дереу босатылады [1].

ҚР ҚПК 131-бабы қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірген тұлғаны процестік ұстап алу тәртібін реттейді. Бірақ та ұстап алу заңды негіздер болған кезде ғана мүмкін. Ұстап алу негіздері ҚР ҚПК 128-бабында бекітілген, онда былай деп айтылған, қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы, қылмыс жасады деген күдіктіні, оған бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолдану мүмкіндігі бар деген келесі негіздердің бірі болғанда:

1) осы адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталған;

2) көзімен көргендер (куәлар), оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаған адам ретінде осы адамды тікелей көрсетсе не ол адамды осы Кодекстің 130-бабында көзделген тәртіппен ұстап алған кезде;

3) осы адамда немесе оның киімінде, өзінің бойында немесе тұрғынжайында қылмыстың анық іздері табылған кезде;

4) жедел-іздістіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында адамға қатысты ол жасаған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болғанда, бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасады деп күдік келтірілетін адамды ұстап алуға құқылы [1].

Көрсетілген негіздер тізбесінде қылмыс жасады деген күдікпен ұстап алған тұлғалардың ішінде шет мемлекеттің іздеуінде жүрген тұлғалар туралы айтылмаған.

Сонымен қатар, Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 12 мамырдағы №260, Мемлекеттік хатшы - Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 08-1/7, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2003 жылғы 7 мамырдағы №85, Бас прокурордың 2003 жылғы 7 сәуірдегі № 29, Әділет министрінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі №2, Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 168 және Қаржы полициясы агенттігі төрағасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі № 74 бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының Халықаралық іздістіруді жариялау, Интерпол саласы бойынша сұрау салулар мен тапсырмаларды орындау және жіберуі, сондай-ақ оларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросында өңдеу туралы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2003 жылғы 3 маусымда № 2341 тіркелген, оның 35-тармағы келесіні қарастырады.

Интерполға мүше шет мемлекеттердің құзыретті органдарының айыпталушылардың, сотталғандардың және із-түссіз кеткен тұлғаларды іздеу туралы Интерпол каналы арқылы келіп түсетін сұрау салулары Қазақстан Республикасының аумағында іздеуді жүзеге асыруға негіз болып табылады.

Ізделетін айыпталушының, сотталушының Қазақстан Республикасының аумағындағы мекенжайлары және оның байланыстары туралы мәліметтер болған жағдайда Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық

Орталық Бюросы Қазақстан Республикасының криминалды полициясының аумақтық бөлімшесіне, не болмаса жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының басқа құзыретті органдарына іздеудегі тұлғаның мекенжайын анықтау мақсатында немесе оны тұтқындап, одан әрі ұстап беру үшін тиісті жедел-іздігі шараларын жүргізу туралы сұрау салу жолдайды.

Сұрау салуда мыналар көзделеді:

- сұрау салу жіберген органның атауы;
- сұрау салу бағытталған органның атауы мен мекенжайы;
- сұрау салынып отырғандарға іздеудегі тұлғаның деректері, оның азаматтығы, кәсібі, тұрғылықты жері немесе тұрғылықты орны, заңды тұлғалар үшін - олардың атауы мен орналасқан жері;
- оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер, жасалған қылмыстың нақты жағдайы туралы мәліметтер және оның саралануы, оны қамау үшін негіз болып табылатын құжат [2].

Осылайша, қылмыстық қудалау органдарының Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қылмыс жасаған тұлғаға қатысты қылмыстық – процесстік ұстауды жүргізуге іс жүзінде заңдық негіздері бар. Алайда көрсетілген негіздер ҚР ҚПК өзінде емес, заңға қосымша актіде келтірілген.

Біздің ойымызша, ҚР ҚПК қылмыстық сот өндірісін реттейтін негізгі құқықтық акт болып табылатынын есепке алатын болсақ, онда оның нормаларында жоғарыда көрсетілгендей дәлсіздіктер орын алмауы тиіс. Осыған орай, ҚР ҚПК-нің 587-бабының бірінші бөлігіндегі «қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы» деген сөзінен кейін келесідей құрамда: «айыпталушыларды іздігі туралы Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросының сұрау салуы негізінде» деген толықтырулар енгізуді мақсатты деп санаймыз.

Осы баптың мағынасы бойынша қылмыстық қудалау органдары алдымен тұлғаны қылмыстық-процестік ұстауға ұшыратады, кейіннен ғана жеке басын, азаматтығын анықтай бастайды және «іздігінің бастамашысынан жасалған әрекеттің мән-жайлары туралы ақпаратты талап етеді».

Жеке басы дәлелді түрде анықталмаған тұлғалар ұсталмайды.

Осы мәселеге қатысты кейбір түсініктер жоғарыда көрсетілген құқық қорғау органдарының бірлескен Нұсқаулығында келтіріледі, осыған орай, іздігірілгенді ұстау барысында, оның азаматтығын анықтау туралы шаралар қабылданады. Ұсталған тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығы бар-жоғы – Ішкі істер министрлігінің көші-қон полициясы басқармасының (бөлімнің, бөлімшесінің), қалалық Ішкі істер Басқармасының, Қазақстан Республикасының облыстық ішкі істер Басқармасының қорытындысымен рәсімделеді.

Егер жасаған қылмысы үшін шетелдік мемлекеттің құзыретті органдарымен іздігіріліп жүрген және ұсталған тұлға Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса, онда азаматтығы анықталған сәттен бастап үш тәуліктің ішінде тиісті прокурор мен Қазақстан

Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросы ақпараттандырылады.

Егер жасаған қылмысы үшін шетелдік мемлекеттің құзыретті органдарымен іздестіріліп жүрген және ұсталған тұлға шетелдің азаматы болып табылса, онда азаматтығы анықталған сәттен бастап 3 тәуліктің ішінде белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросын, сондай-ақ, ұсталған тұлғаның азаматтығы тиесілі Қазақстан Республикасындағы шетелдің дипломатиялық өкілдіктері мен шетел мемлекетінің консулдық мекемесін ақпараттандыру керек.

Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросы ұстау туралы ақпарат алған сәттен бастап бір тәуліктің ішінде іздестіруге ниет білдірген шетелдік мемлекеттегі Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросына ақпарат жібереді, осыған бір мезгілде ұсталған тұлғаны іздеу мән-жайын растауды сұратып, оны ұстап беруге сұрау салу ниетін біледі.

Интерполдың шетелдік мүше-мемлекетінен Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросына іздестіруді құптайтын дәлел және ұсталғанды, айыпталушыны, сотталғанды сұрау салуға талап келіп түскен соң Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросы ұстап беру туралы сұрау салуды алған сәттен бастап тәулік мерзімнің ішінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына және ұстауды жүзеге асырған құзыретті органның қызметкерлеріне береді.

Ұстауды жүзеге асырған қызметкерлері бар құзыретті орган Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросынан келіп түскен сұрау салуды алған сәттен бастап тәулік мерзімнің ішінде шетел мемлекетінің ұсталған тұлғаны іздестіру және ұстап беру ниетін растап, осы растауын прокурорға бағыттау керек [2].

Нұсқаулықтың ережелері көрсеткендей, халықаралық іздестіру жарияланған және ұсталған тұлғаның жеке басын анықтау бірнеше қосымша шараларды іске асыруды талап етеді.

Н.Е. Лошакованың айтуынша, Ресей Федерациясына қатысты қолданылатын іздеу салынған тұлғаны есепке алу бойынша тексерулер нақты уақыт кезінде тұлға туралы мынадай мәліметтер алуға мүмкіндік береді: айқындама деректері, қолданатын төлқұжаты, оның фотосуреті және дактилокартасы, ДНҚ деректері, қылмыстық салаға қатысты ол жайлы ақпараттар, жасаған қылмысының қысқаша сипаттамасы, болжамды мекендеу жері, және байланыстары. Бағытталған сұраулар шеңберінде, іздеу салынған тұлғаны және оның байланыстарын тұратын жеріне, тіркелген жеріне, шекараларды өтуіне, қылмыстық сипаттағы мәліметтердің болуына, жылжымайтын мүлігі жайлы ақпарат алуға, телефон нөмірлерінің абоненттерін анықтауға, қаржылық қызметі туралы ақпарат алуға қатысты тексеріп шығуға болады. Өкінішке орай, біздің елімізде құқық қорғау органдары айтарлықтай дәрежеде жан-жақты тексерумен жарақталмаған, яғни Интерполдың Бас Хатшылығын қызықтырған мәліметтерді есепке алу бойынша тікелей тексеруді қызметкерлер іске асыра алмайды [3].

Біздің ойымызша, соңғысы біздің мемлекетіміздің құқық қорғау органдарына да жатады.

Бұдан әрі автор былай деп сөзін жалғастырады: «Қызыл бұрышы» бар хабарламалар, негізінен, қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін іздеу салынған айыптаушыларға және сотталушыларға қатысты қамаққа алу және ұстап беру мақсатында шығарылады [4].

«Қызыл бұрышты» шығарудың басты шарты іздестіріліп жатқан тұлғаға қатысты қамаққа алу туралы қаулының болуы. Интерполдың мүше елдері «қызыл бұрыш» ескерту маңыздылығын әр түрлі анықтайтыны күрделі мәселе болып табылады. Бір жағдайда, ол іздеу туралы қарапайым ескерту ақпарат ретінде, басқа кезде - экстрадициялық қамаққа алу алдындағы ресми сұрау салу ретінде қарастырылады. Мысалы, Ұлыбританияда тұлғаны іздеу туралы сұрау салу алған кезде оның орналасқан жерін анықтау үшін және қамауға алу мақсатында ол туралы барлық ақпарат астаналық полицияға беріледі. Сондай-ақ, ұлттық есеп бойынша тексеру жүзеге асырылады, тұлға туралы мәлімет «Іздеу» жүйесіне орналастырылады. Іздеуде жүрген тұлғаны анықтаған кезде айыпталушыны қамаққа алу мүмкіндігі туындап қалама деп іс прокуратура органдарымен зерделенеді. Бір мезгілде сұрау салушы тараптың дипломатиялық арналары арқылы адамды ұстап беру туралы сұрау салу өтінішхаты келеді деп күтілуде. Осылайша, Ұлыбритания аумағындағы іздеу туралы «қызыл бұрыш» халықаралық хабарламасы іздеу туралы жай хабарлама мәртебесіне ие. Біріккен Корольдық аумағында тұлғаны қамаққа алу және ұстап беру мән-жайы тек ұстап беру туралы тиісті тараптардың ресми өтінішхаттарын қарастырудан кейін мүмкін болады [5].

Кейбір мемлекеттер (Аргентина, Германия, Норвегия, Венгрия) «Қызыл бұрышы» бар хабарламаларды қандай да бір қосымша шартсыз экстрадициялау алдындағы ұстауға арналған құжат ретінде қарастырады. Көптеген жағдайларда «Қызыл бұрышы» бар хабарламалар негізінде тұлғаларды қамаққа алу – сұрау салған тараптың белгілі-бір талаптарын орындауынан кейін мүмкін болады [6].

Қазақстан Республикасында «Қызыл бұрышы» бар хабарламаларды алу ұстап беру (экстрадициялау) алдындағы ретінде қаралып, одан әрі қамаққа алу және ұстап беру ретінде қабылданады.

Іздестірудің бастамашысынан ҚПК 587-бабының 2-тармағына сәйкес, осы іс-әрекет деп танылуы үшін жасалған іс-әрекеттің мән-жайлары туралы ақпараттарды талап ету артық деп ойлаймыз, себебі халықаралық нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес осы деректер тұлғаны экстрадициялау үшін міндетті болып табылады.

Мысалы, ETS N 024 ұстап беру туралы Еуропалық конвенция (Париж, 1957 жылғы 13 желтоқсан), бойынша ұстап беру туралы сұрау салу туралы өтініш мынадай құжаттармен бірге жүруі тиіс:

а) айыптау қорытындысының түпнұсқасымен немесе куәландырылған көшірмесімен және үкімнің немесе немесе дереу күшіне енетін қамаққа алу туралы қаулының немесе ұстау туралы қаулының немесе сондай-ақ күші бар

басқа қаулының және рәсімге сәйкес берілген сұрау салушы Тараптың заңымен қарастырылған рәсімдерге сәйкес, ұстау туралы қаулысы немесе басқа қаулы;

б) ұстап берілуін сұрау салуға байланысты қылмысы көрсетілуі тиіс. Оның жасалу уақыты мен орны, оның заңдық саралануы және сәйкесінше құқықтық нормаларға сілтемелер міндетті түрде нақты көрсетілуі тиіс [7].

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы экстрадициялау туралы қабылдаған типтік келісімшарты бойынша, ұстап беру туралы сұрау салу келесі материалдармен бірге жүретіні айтылған:

а) барлық жағдайларда

i) талап етілетін тұлғаның жеке басын және азаматтығын анықтауға көмектесетін кез келген басқа ақпаратпен бірге талап етілетін тұлғаны дәлірек сипаттау;

ii) осы құқық бұзушылықты саралайтын заңнама ережелерінің тиісті мәтінімен немесе қажет болған жағдайда, осы құқық бұзушылықтың әрекетіне тап болатын тиісті заңнан үзінділер, сонымен қатар осы құқық бұзушылық әкеп соғуы мүмкін жазаның сипаты;

б) егер тұлға қандай да бір құқық бұзушылықты жасады деп айыпталса, сұрау салынып отырған тұлғаға қатысты жасаған құқық бұзушылығын сипаттай отырып, сотпен немесе басқа да құзыретті сот органдарымен берілген қамаққа алу туралы ордердің түпнұсқасы немесе осы ордердің куәландырылған көшірмесі, сонымен қатар жасаған уақыты мен жасаған орны туралы осы құқық бұзушылықты құрайтын әрекеттер немесе әрекетсіздіктердің сипаттамасы;

с) ұстап берілуі сұратылып отырған тұлға қандай да бір құқық бұзушылықты жасады деп сотталса, сұрау салынған тұлғаға қатысты жасаған құқық бұзушылықтың сипаттамасы, осы құқық бұзушылықты құрайтын әрекеттер немесе әрекетсіздіктер сипатталып, сонымен қатар сот үкімінің айыптау бөлігін мазмұндап және шығарылған үкім туралы, сондай-ақ, сот үкімінің орындалуын көрсететін және жазаның қалған мерзімі көрсетілген сот шешімі немесе басқа да құжаттың түпнұсқасы немесе куәландырылған көшірмесі;

д) егер тұлға қатыспаған жағдайда құқық бұзушылықты жасады деп сотталса, онда 9 с тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, сот ісіне қатыспаған тұлға өзін қорғауды дайындау үшін немесе оның қатысуымен сот ісін қайта тыңдауды өткізу үшін осы тұлғаның қол жетімді құқықтық құралдардын сипаттау;

е) егер тұлға қандай да бір құқық бұзушылық үшін сотталған болса, бірақ сот үкімі құқықбұзушылықты сипаттай отырып шығарылмаған жағдайда ұстап беру туралы сұрау салынған тұлғаға қатысты құқық бұзушылықтың негізін құрайтын әрекетті немесе әрекетсіздікті сипаттау және айыптау бөлігін сипаттау, сондай-ақ үкім шығару ниетін растайтын құжаттар көрсетілуі тиіс [8].

БҰҰ мүше-мемлекеттері көрсетілген ұйғарымдарды орындай отырып,

өздерінің ұстап беру туралы сұрау салуларын қажетті құжаттар кешенімен іске асыратыны сөзсіз.

Баяндалғанның негізінде, ҚР ҚПК 587-бабы 2-бөлігінің редакциясына нақтылық енгізу үшін, оның мазмұның келесідей етіп баяндау ұсынылады: «Ұстап алынған адамның жеке басы, оның азаматтық тиесілігі қырық сегіз сағат ішінде анықталуға, іздестірудің бастамашысынан оған іздестіру жариялау туралы шешімі, сондай-ақ адамды ұстап беру туралы растауы талап етіп алдырылуға тиіс».

ҚР ҚПК 587-бабында шет мемлекеттің сұрау салуы бойынша тұлғаны ұстау мерзіміне қатысты жетпіс екі сағат туралы айтылады, ал осы баптың бірінші бөлігінде ҚПК 131-бабында қарастырылған тәртіппен жүргізілетіні айтылған.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 118-VI ҚРЗ қабылдануына байланысты, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаны ұстау мерзімі құқық бұзушылықтың сипатына, күдіктінің жеке басына және ұстаудың жағдайларына байланысты сараланған.

Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабының 4-бөлігіне сәйкес, тұлға қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған жиырма төрт сағатқа дейін қылмыс жасағаны үшін күдікті ретінде ұсталуы мүмкін, мынадай жағдайлардан басқаларын қоспағанда ұстау жетпіс екі сағатқа жетпейтін мерзімге рұқсат етіледі:

- 1) аса ауыр ауыр қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 2) террористік немесе экстремистік қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 3) жаппай тәртіпсіздік барысында қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 4) қылмыстық топ құрамында қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 5) есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың және сол тектестердің заңсыз айналымына байланысты, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, сондай-ақ адам өліміне алып келген қасақана қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу кезінде;
- 6) жердің шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолдарының жоқтығы салдарынан, сондай-ақ төтенше жағдай немесе төтенше ахуал жағдайларында адамды тергеу судьясына уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, адам қылмыс жасады деген күдік бойынша – қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған адам жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынуы мүмкін [1].

Мұны заң шығарушы ұстау мерзімдерін саралайтын жоғарыда аталған негіздерді белгілей отырып, Қазақстан Республикасының аумағында жасалған



қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты айтқан. Басқа жағдайларда ұстау мерзімі қырық сегіз сағаттан аспауы қажет. Бұл оқшауланулар басқа мемлекеттің сұрау салуы бойынша ұсталған адамдарға таралмауы тиіс. Бұл, өз кезегінде шетел мемлекетімен іздеу салынған тұлғаны ұстау мерзімі жалпы, яғни қырық сегіз сағат екенін көрсетеді.

Баяндалғандардың негізінде, біз ҚР ҚПК-нің 587-бабына «жетпіс екі сағат» деген сөздерді «қырық сегіз сағат» деген сөздермен ауыстыру бөлігінде өзгерістер енгізуді дұрыс деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ [Текст]: («Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйісі).

2. Бірлескен бұйрықпен бекітілген Нұсқаулық [Текст]: (<http://do.gendocs.ru/docs/index-161339.html>) - интернет- источники.

3. Лошакова, Л.Н. Интерпол арналары бойынша қылмыс жасаған тұлғаларды халықаралық іздестіру: практика және проблемалар [Текст] / Н.И.Лошакова // Ресей ІІМ қызметкерлердің біліктілігін арттырудың бүкілресейлік институтының Хабаршысы. Тоқсан сайынғы ғылыми-практикалық журнал № 3 (35) 2015 ж.101 б. – журнал.

4. Интерпол желісі бойынша ынтымақтастықты ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы [Текст]: 2006 жылғы 6 қазандағы № 786/310/470/454/333/971 Ресей Федерациясы ІІМ, Ресей Әділет министрлігі, Ресей Федерациясының Федералдық қауіпсіздік қызметі, Ресей Федералдық Күзет Қызметі, Ресей Федерациясының есірткі айналымын бақылау бойынша Федералдық қызметі, Ресей Федералдық кеден қызметінің бұйрығы. – рекомендации.

5. Ильинская, О.Б тұлғаларды іздестіру туралы [Текст]: (2013 жылғы 5-6 наурыз, Абу-Даби қаласы) Интерполдың халықаралық хабарлама басылым тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі сарапшылар тобының 10-шы отырысында Ресей Бюросының өкілінің қатысуы туралы / О.Б. Ильинская // Ресей Федерациясының ІІМ Интерпол ҰОБ ақпараттық бюллетені - 2013. - № 1 (14). – бюллетень.

6. Н.Е. Лошакова. Интерпол арналары бойынша қылмыс жасаған тұлғаларды халықаралық іздестіру: практика және проблемалар [Текст] // Ресей ІІМ Қызметкерлердің біліктілігін арттырудың бүкілресейлік институтының хабаршысы. Тоқсан сайынғы ғылыми-практикалық журнал - 2015 ж. - № 3(35). 101 б. – журнал.

7. ETS N 024 ұстап беру туралы Еуропалық конвенция [Текст] (Париж, 13 желтоқсан, 1957 жыл) (<http://constitution.garant.ru/act/right/megdunar/2541059/>). - интернет- источники.

8. 1990 жылғы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-ші сессиясында қабылданған экстрадициялау туралы Типтік шарт [Текст] (<http://www.un.org/ru/documents/>). - интернет- источники.